

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

ЖҮРГЕНОВ ФЕНОМЕНИ



Т.Жүргенов – Қазақ елі мен Орта Азия халықтарының өмірінде, мемлекеттік жүйесінде, қоғамдық тарихында ерекше құбылыс болған айтулы тұлға. Сондықтан Т.Жүргенов феноменінің сыр-сипатын толық танып, таныту үшін өзі араласқан, дамуына үлес қосқан отандық тарих, философия, экономика, әдебиеттану, өнертану, педагогика т.б. ғылым салаларының тәжірибелерін түгелдей ескермей болмайды. Ол бар болғаны 39 жыл өмір сүрген. Барынша мемлекетшіл қайраткер өмірден өткенше қолынан қаламы түспей, қазақ елі мен Орта Азия халықтарына қатысты күні бүгінге дейін мәнін, маңызын жоймай келе жатқан ғылыми еңбектері орасан. Сол мол мұрасын зерттеп, зерделеудің уақыты жетті деген ойдамыз. Басқа қызметтерін айтпағанда, 1929-30 жылдары Тәжікстан Қаржы халық комиссары, 1930-33 жылдары Өзбек КСР Халық ағарту комиссары, 1933-37 жылдары Қазақ КСР Халық ағарту комиссары болған тұлғаның мемлекеттік қызметтің үлкен жауапкершілігі мен бар тауқыметін көтере жүріп, өзінің азаматтық үнін сол кездегі қоғамның зәру мәселелеріне арнады. Қай еңбегін ашсаң да туған елі мен жерінің бақытты болашағын сөз етеді.

Оның өмірбаянына зер сала қарағанымызда, біздің назарымызды 1923-27 жылдар аралығында Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің заң факультетінде оқыған жылдары ерекше аударды. Ол кездегі Ташкент Түркістан автономиялы республикасының орталығы болатын. Тарихи шындыққа мойынсұнсақ, Түркістан автономиясының да, Ташкентте ашылған Орта Азия мемлекеттік университетінің де дүниеге келуінде ХІХ ғасырдың аяғында Қырым, Қазан татарларынан басталғаны белгілі. Кейіннен бүкіл Орта Азияны мекендеген түрік тектес халықтардың бәріне тарап, олардың зиялы қауым өкілдері түгел қолдады. Сөйтіп, ол Орта Азия халықтарының тұтастығы мен азаттығы идеясының негіз болғанын батыл айтуымыз керек. Бұл идея 1917 жылы қараша айында Қоқан қаласында өткен ІV өлкелік мұсылмандар съезінің бағдары бойынша жүзеге асты. Осы съезд делегаттары Ресей империясы құрамындағы Түркістан автономиялы республикасын құруға шешім қабылдады. Осы шешімді одан әрі іске асырудың негізгі тезистері мен қағидалары 1920 жылы Ташкентте өткен Түркістан большевиктері партиясының мұсылмандар бюросының үшінші төтенше конференциясының талқысына түсіп қабылданғанымен, Кеңестік орталық билік тарапынан қолдау таппады.

Өткен ғасырдың 20-шы жылдары Түркістан автономиялы республикасының басшы қызметтерінде қазақтан шыққан белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С.Қожанұлы, С.Асфендияров, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, М.Тынышбаев, Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Досмұхамедұлы, т.б. болуы және бұлардың Орта Азия мемлекеттік университетінің оқу, ғылым, тәрбие, кадр, шаруашылық қызметтеріне араласа отырып, сабақ беруі, университет студенті Т.Жүргеновтің саясаткерлігі мен қайраткерлігіне әсер етпеуі, із қалдырмауы мүмкін емес. Ал жоғарыдағы аттары аталған алып қайраткерлердің Алаш қозғалысына тікелей де, жанамалай да қатысы бар азаматтар болғаны айдай анық.

Тарихтан білетініміздей, большевиктер бұрын қатардан ығыстырылып келген алаштықтарды амалсыздан қызметке тартуды, сөйте отырып, елді сауаттандыруды, білім беру мен мәдениет салаларын дамытуды 1921 жылдан бастап қолға ала бастады. Белгілі тарихшы М.Қойгелдиев өз зерттеулерінде сол кездегі компартия басшыларының бірі Авдеевтің «қырғыз интеллигенциясының сегізінің жетеуі – алашордалықтар. Қажеттілігіне байланысты бұрынғы партиялығы мен белсенділігін есепке ала отырып, көптеген оқығандарды жұмысқа шақыртуға тура келеді» деген сөзін келтіріп, алашордалықтардың еліміздегі мәдениет пен білім саласын дамытуға мол үлес қосқанын жазады.

Ташкентте Орта Азия университетінде оқып жүрген болашақ мемлекет қайраткері, кеңес, партия жұмыстарында тәжірибесі бар Т.Жүргеновтің осы жағдайлардан бейхабар болуы, біздіңше, мүмкін емес. Сондықтан жас саясаткердің мемлекеттік қайраткер болып қалыптасу жолында үш идея: бірінші Исмаил Гаспринский, Жүсіп Ақшора, С.Мақсуди, Мұстафа Шоқай, Ғ.Исқақи негізін қалаған жалпы түріктік яғни Орта Азия халықтарының

тұтастығы мен азаттығы, екінші Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, т.б. бастаған алаш идеясы, үшінші коммунистік идея болды.

Т.Жүргеновтің университетке дейінгі өмір жолына зер салып көрсек, 1917 жылы Уфа жер шаруашылығы училищесіне оқуға түскен. Училище қабырғасында жүріп қоғамдық өмірге белсене араласады, студент жастардың әлеуметтік қозғалыстарына қатысады. 1918 жылы «Қазақ мұңы» газетінің редакциялық алқасына, Торғай кеңестер съезін шақыру бюросына мүше болып сайланады. 1919 жылы Ырғыз уезі Кенжеғара болысы революциялық комитетінің төрағасы қызметіне де тағайындалған. 1920 жылы БК(б) II қатарына өтіп, Ырғыз уездік революциялық комитетінің, уездік жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары атқару комитетінің төрағасы болып сайланған. 1921-23 жылдар аралығында Орынборда жұмысшы факультетінде оқиды.

Болашақ мемлекет қайраткері Т.Жүргенов университетте оқи жүріп Қазақ АКСР-інің Түркістан республикасындағы толық өкілетті өкілі болып тағайындалған, Қазақ АКСР-і мен Түркістан республикасының Орталық Атқару комитеттеріне мүше болып сайланған, өлкелік және республикалық партия ұйымдарының конференциялары мен пленумдарына қатысқан, Орталық Азияда құрылған республикалар аумағының ұлттық-территориялық межеленуіне де атсалысқан. Оның осы жылдарда алаштықтармен қоян-қолтық бірге жүріп, қызмет атқарғанын ескерсек, Т.Жүргенов феноменінің көктен түспегенін, жерден шықпағанын түсінер едік. Әділетін айтсақ, Т.Жүргеновті бірден коммунист болды деу нанымсыздау болған болар еді. Бұған біріншіден, жас саясаткер, мемлекет қайраткері Т.Жүргеновтің алаштықтардың аялы алақанында өскенін, екіншіден әкесі Қарадан бастап, жеті атасына дейін текті тұқым екенін, қоғам өміріндегі саяси жағдайлардың ақ-қарасын сараптап, таразылап, парасаттылықпен қарайтынын, ақылмен қабылдайтынын ұмытпағанымыз жөн. Әрине, «Темір нарком», «Қазақтың Луначарскийі» атанған азаматтың партия саясатының сарбазы ғана емес, сардары болғаны тарихи шындық. Дегенмен, Т.Жүргеновтей тұлғаның, мемлекетшіл адамның азаматтық жолындағы кездескен қоғамдық ойсанадағы жағдайларға, оқиғаларға бүгінгі күн тұрғысынан қарап, зерттеп-зерделеп отыру тұлғатану бағытындағы ақиқатқа апарар бірден-бір жол деп ойлаймыз.

Т.Жүргеновтің Орта Азия университетіне дейінгі өмірбаянына сүйеніп айтатынымыз, бұлар белгілі қоғам және мемлекет қайраткері өміріндегі бірінші саяси мектеп, екіншісі университетте оқыған, оқи жүріп партия, кеңес қызметтеріне араласқан уақыты. 20-шы жылдары қазақ зиялылары Орынборда С.Сейфуллин маңына топтасса, ал Ташкентте «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» журналының маңына жиналып, ұлттық-демократиялық бағыт ұстанған. Бұл екі бағыттың да саясаткер Т.Жүргеновтің қайраткерлік өмір жолында өз орыны бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

Елбасымыз Н.Назарбаев «Біздің мақсатымыз ғылымды жаңадан жасап, оны еш нәрсеге жарамай қалған, ескірген идеялардан тазартуға тиіспіз. Әсіресе, мұны қоғамдық ғалымдар саласына қолдануымыз керек» деген болатын. Осы айтқандарға негіздесек, қазақ елінің қоғамдық өміріндегі барлық идеялар мен саяси ағымдарды, ой-саналарды қағыпсілкіп қайта қарап, ақ-қарасын ажыратып, пайдалыларын кәдемізге жаратып отыру бүгінгі қоғамдық ғылымдарымыздың күн тәртібіндегі зәру мәселелердің бірі деп білеміз. Мұндай талап, әсіресе, тұлғатану іліміне пайдалы болар еді. Т.Жүргеновтей таутұлғалардың солақай саясаттан аршылған бейнесі сонда ғана шынайы танылар еді.

Бәрімізге белгілісіндей, 10 бөлімнен тұратын Алаш партиясы бағдарламасының IX бөлімі «Ғылымбілім үйрету» деп аталатын. Осы бөлімде өз кезі үшін де, кейінгі дәуірлер үшін де маңызды қағидаттар бар еді. Алаштықтардың қағидасында білімнің барша жұртшылықтың игілігі болатыны, қазақтарға, орыстарға, жұмысшылар мен шаруаларға, кәсіпкерлерге, т.б. бірдей таратылатыны айтылады. Бұған керісінше, РСФСР-дің конституциясында (1918) «Еңбекшілердің білімге шын мәнінде қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында жұмысшылар мен ең кедей шаруаларға толық, жан-жақты және тегін білім беруді өзіне мақсат етіп қояды» делінген. Бұл Конституция талабы бойынша жұмысшылар

мен шаруалардан басқа адамдар білім ала алмайды. Алаш партиясының бағдарламасында оқу орындарының автономиялығы, оқу үрдісіне үкіметтің араласпауы, мұғалімдер мен оқытушылардың сайлану арқылы қызметке орналасуы, қазақтардың өз тілінде бастауыш, орта, жоғары оқу орындарында тегін оқуының шешілуі сияқты күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпай келе жатқан мәселелер бар.

Білім берудің Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының алғашқы дәуірлерінде қалай жалғастық тауып, оның Нарком Жүргеновтің ағартушылық қызметінен қандай орын алғанына сараптама жасап көрсек, ол бәрінен бұрын мектеп, мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарына ерекше ден қойған. Оның 1927 жылы 7 наурызда «Еңбекші қазақ» газетінің бетінде жарияланған «Мектептің түрі, тілі туралы» деп аталатын мақаласы сыни бағытта жазылған. Автор мақаласын «Қазақ арасында аздаған оқыту орындары қай түрде болып, қай тілде жүруі керек деген сауалды шешу оқу жөніндегі істейтін ісіміздің осы күнгі ең үлкені болып тұр» деп бастайды да, одан әрі сол кездегі қазақ еліндегі мектептер жағдайына талдау жасайды. Осы шағын мақаладан Т.Жүргеновтің еліміздегі оқу мен білімге байланысты жағдайды терең әрі жан-жақты білетіні және қалыптасқан жағдайға мемлекеттік саясат тұрғысынан объективті баға бере алғаны көрінеді. Сонымен бірге, мақалада айтылған ой, қалыптасқан жағдайды бағалаудың өлшемдері Т.Жүргеновтің Компартияның идеологиясын жүргізудегі ысылған, тәжірибелі мемлекеттік қайраткер екенін де дәлелдеп көрсетеді. Нарком Т.Жүргенов бұл саладағы жұмыстарында 1919 жылдың 26 декабріндегі В.И.Ленин қол қойған «РСФСР-дегі сауатсыздықты жою» туралы Декрет пен 1921 жылғы 26 шілдедегі Қазақ КСР-інің Орталық атқару Комитетінің 12 параграфтан тұратын қаулысын басшылыққа алып отырғаны, республика басшыларының бірі тұрғысынан бұл қаулылардың орындалуын қатаң бақылау, жүзеге асыру оның қызметтік міндеті болғаны және оның бұл міндетті үлкен жауапкершілікпен адал атқарғаны қорытындыланады. Жоғарыдағы мақаланың соңында автор «Біздің республиканың оқу жолындағы бар жұмысы жалғыз бастауыш, орта мектептермен бітпейді. Біздің оқу жолында көздеген нысанамыз – қазақ еңбекшілерін жалпы мәдениетке жеткізу. Олай болса, бастауыш, орта оқумен қатар жоғары оқу жайынан да қамқыла отыруымыз керек. Мұнан Қазақстанда жалпы оқу жұмысы қалай қойылуы керек деген сауал туады. Қазақ еңбекшілерін жалпы мәдениетке жеткізу деген не? Ол барлық жер жүзіндегі өнер-білімді қазақ тілінде оқитын қылып халыққа білгізу деген сөз. Олай болса, бізде бастауыш та, орта да, жоғары да оқу орындары өз тілімізде болуы керек. Осылардың бәрінде де оқу қазақша болғанда барып жер жүзінің өнер-біліміне қазақтың қолы жетеді», – деп жазады.

Т.Жүргеновтің осылайша өз кезіндегі мектептің тілі қандай болу керек деген сауалға берген жауабының маңыздылығы соншалық, ол бүгінгі күннің де зәру мәселесі күйінде қалып отыр. Тілге жанашырлық – ұлт тағдырына бейжай қарамаудың белгісі, ал өткен ғасырдың басындағы қоғамдық формациялар ауысып жатқан алмағайып заманда, Патшалық Ресейдің империялық саясатының күші қайтпай тұрған уақытта, большевиктер партиясының ұстанған бағытының астарында ұлы орыстық шовинистік пиғыл мен бұратана халықтарды біртіндеп, мақтамен бауыздағандай етіп орыстандыру белең ала бастаған тұста 30-ға жетер-жетпес жастағы саясаткер Т.Жүргеновтің ана тіліміз төңірегінде айтқан сөзі нағыз батырлық қана емес, ұлт тағдырын өз тағдырым деп ойлайтын, туған елі мен жерін шын сүйетін нағыз патриот азаматтың жан даусы екенін мойындауымыз керек.

Т.Жүргенов Қазақ КСР-інің Халық ағарту комиссары болып қызмет атқарған жылдары Голощекиннің «қазақ тек хат таныса болады» деген саясатының күлін көкке ұшырды. Өзінен бұрынғы республика басшылығының мектеп, білім беру саласындағы ұстанымдарын қатты сынап қана қойған жоқ, олардың әдейі жасалған кереғар іс екенін өз қызметімен, аталған салаларға ел болашағын ойлай отырып, әділ басшылық жасауымен дәлелдеп берді. Оның «Мектептің түрі, тілі туралы», «Мектеп жұмысындағы кемшіліктерді жою», «Мектептегі оқу, тәрбие жұмысы» және «Дүмше молдалар туралы»,

«Қазақстанда сауатсыздықты жою туралы», «Мектептің түп кемшіліктері үшін күрес», т.б. мақалалары мен еңбектерінде сол кездегі еліміздегі мектептердің жағдайы, мектеп кадрларын даярлау мәселелері, оқу, тәрбие жұмыстарын жетілдіруге байланысты ойлар, тұжырымдар, елді сауаттандыру мен орта мектеп жағдайында оқу мен тәрбие берудің принциптері, т.б. көптеген мәселелер істі жан-жақты терең білетін басшы тарапынан мемлекеттік тұрғыдан қарастырылды, талқыланды, сыналды, оны жетілдіру мен дамытудың жолдары, бағыт-бағдарлары көрсетілді. Бұл мақалалардың мазмұны автордың өз уақытының ең бір өзекті мәселелерін көтеруімен, республикадағы жағдайға мемлекеттік саясат тұрғысынан талдау жасап, құнды ой-пікірлерін айтуымен және олардың өміршеңдігімен ерекшеленеді. Осы мақалаларына сүйеніп-ақ қазақ халқының біртуар азаматы Т.Жүргеновті еліміздің арғы-бергі тарихындағы білім беру саласы бойынша нағыз ұйымдастырушы, көшбасшы болды деп айта аламыз.

Т.Жүргенов мұрасындағы «Қазақстандағы мәдениет революциясы» делінетін көлемді еңбектің орны бөлек. Бұл мақалада Қазақстан мәдениетіне жан-жақты сараптама, талдау жасалады, мәдениетті дамытудың жолдары, қағидалары, проблемалары, т.б. жайында айтылады. Мақаланың өзегі ұлттық әдебиет пен өнерді, тілді, өнер түрлерін социалистік қоғам жағдайында қалай дамытамыз деген мәселенің өткір қойылуына арналғаны үлкен парасаттылықтың, саяси белсенділіктің жемісі екенін айтуымыз керек. Автор осы мақаласында тіл мәселесіне қайта айналып соғып, бұрын айтқан ойларын нақтылай түседі. «Қазақтың әдебиет тілін, білім тілін тудыру жөнінде біздің негізгі мақсатымыз – сол тілді көпшілікке барынша ұғымды қылу, сол тіл арқылы өнер біліміне, техникасына ие қылу». Мұндай толғаулы ой, толымды пікірлердің дер кезінде айтылуы, айтылып қана қоймай іске асуы, осы бағытта сан-салалы жұмыстардың істелуі Т.Жүргенов тұлғасын зорайта түседі. Мақаладағы «Қазақ тілінің өзін білу – үлкен мәдениет. Құр аты қазақ, туысы қазақ дегеннің барлығы мұны біле бермейді. Білем деушілер тіл ілі мін өркендетудің орнына кесірін тигізсе, ол біз үшін білгендік емес», деген жолдардағы айтылған ойлар, тұжырымдар күні бүгін де өз мәнін жойған жоқ.

Қазіргі ана тіліміз өшіп кетпей, өсіп келе жатса, оған Т.Жүргенов сияқты мемлекет қайраткерлерінің қосқан үлесі аз болған жоқ. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Еліміз бойынша мемлекеттік тілде оқытатын 57 орталық жұмыс істейді. Олардан мыңдаған азаматтар қазақ тілін үйреніп шықты, әлі де үйренуде. Былтырғыға қарағанда биыл қазақ тілін білемін деген өзге ұлт өкілдерінің саны 10 пайызға өскен. Бұл да біраз жайттан хабар береді. Тек соңғы 3 жылда мемлекеттік тілді дамытуға республика бойынша 10 миллиард теңге бөлінді. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн», деп ана тіліміздің мәртебесінің мәңгіліктігін айқындап берді.

Қазақ әдеби тілі, қазақ тілінің терминологиясы деген мәселелерде Т.Жүргеновтің Ахмет Байтұрсынұлы жолын ұстана отырып, «Қазақ тіліндегі терминология мәселелері», «Қазақ әдеби тіліндегі келеңсіз жағдайлар» делінетін еңбектер жазғаны қазақ тіл білімі ғылымының өсіп-өркендеуіне, дамуына қомақты үлес болып қосылды. Ағартушылық білім жүйесімен шектеліп қалмайды, руханият дүниесін түгендемесе, өсірмесе мемлекет бәрібір үлкен табыстарға, жетістіктерге жете алмас еді. Осыны түсінген Т.Жүргенов әдебиет пен өнердің дамуын назардан тыс қалдырмады. Ол қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерін А.С.Пушкин шығармашылығы туралы жазылған «Орыс халқының ұлы жазушысы және қазақ халқы» деген мақаласында көтерген болатын. «Қазақстандағы мәдениет революциясында» осы ой тереңдетіліп, кеңейтіліп айтылады. «Біз енді орыс және басқа елдердің ірі классиктерінің жазғандарын қазақ тіліне аудару ісіне кірісуіміз керек. Осылармен қатар балалар әдебиетіне зор назар салатын уақыт жетті». Барша жақсы істің, игілікті, ізгілікті жұмыстардың бастамашысы бола білген Т.Жүргенов қазақ

әдебиетін дамытуға да мемлекеттік тұрғыдан жанашыр бола алды, тікелей басшылық жасады. Оның Б.Майлинның «Шұға» пьесасына жазған «У Шуга» атты пікірі, Ораз молданың аудармасы негізінде жазған «Казахский перевод Шахнама» атты ғылыми мақаласы, «Терме» жинағына енгізген Шернияз, Едіге, Базар жырау туралы пікірлері, «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары», Асан қайғы туралы жазылған «Жерұйық» мақалалары – қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясында айрықша бағаланатын салмақты дүниелер. Бұл әдебиет пен өнердің әртүрлі салаларының зәру мәселелерін көтерген және олардың шешу жолдарын көрсеткен алғашқы ғылыми еңбектердің бірі болып саналады. Әсіресе, Т.Жүргеновтің мәдениет пен өнерге арналған мақалалары, ғылыми еңбектері, баяндамалары оның қазақ мәдениетінің шын мағынасындағы реформаторы болғанын риясыз дәлелдейді. Т.Жүргеновтің ойлары мен тұжырымдарына, жазған, сызғандарына, атқарған қызметіне тән ортақ сипат бар. Ол – жаңашылдық, ол – бастамашылдық, ол – тиянақтылық, ол – білімдарлық, ол – жігерлілік, ол – принципшілдік, ол – реформаторлық. Осылардың барлығын қосқанда Т.Жүргеновтің ағартушылық тұлғасы мойындалады.

Т.Жүргеновтің ағартушылық қызметін тек мектеп, тіліміз бен әдебиетіміздің өзекті мәселелері төңірегінде деп шектеу мүмкін емес. Оның есімі мен еңбегі қазақ елінің жоғары оқу орындары тарихында да құрметпен аталып келе жатыр. Ол 1927 жылы құрылған тұңғыш қазақ педагогикалық институтының (қазіргі Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық университеті) ректоры болды. 1933-37 жылдары Қазақ КСРінің Халық ағарту комиссары болып қызмет атқарған уақыттарында 1934 жылы Тау-кен институтын (қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университеті), қазіргі Әл-Фараби атындағы Ұлттық университетін ашып, олардың қалыптасып кетуіне басшылық жасады. Ұлт ұланы 30-шы жылдардың басында Голошекин тұралатқан ұлттық білім мен мәдениетті жолға қойып, 400 мектеп салдырып, ұлттық опера өнерінің дүниеге келуіне себепкер болды. «Хан Кене», «Жалбыр», «Шұға» пьесаларының алғаш сахналануын жүзеге асырды. Жамбыл Жабаев, Күләш Байсейітова, Шара Жиенқұлова, Қанабек Байсейітов, Құрманбек Жандарбеков, Елубай Өмірзақовтардың басын қоса отырып, еліміздің түкпір-түкпірінен таланттар табу мақсатында 1934 жылы Халық өнері қайраткерлерінің I слетін өткізді. Өзінің тікелей араласуымен 1934 жылы Қазақстан Орталық Комитетінің екі қаулысын: «Музыкалық театрларға кадрлар даярлау туралы іс-шаралар», «Ұлттық өнерді дамытуға байланысты іс-шараларды» қабылдады. Осы қаулылардан кейін Халық ағарту комиссариаты жанынан музыкалық студия ашылды, студияға шақыртылған бір топ артистер мен композитор И.В.Коцык, режиссер Жұмат Шаниндер 1934 жылдың 13 қаңтарында қазіргі Абай атындағы опера және балет театрының негізі болып саналатын музыка театрының шымыл дығын «Айман-Шолпан» спектаклі мен ашты. Т.Жүргеновтің басшылығымен жыл сайын өтетін өнер слеттерінің нәтижесінде еліміз бойынша кәсіби өнер мекемелерінің қатары көбейді. Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің негізі қаланды. Т.Жүргеновтің басшылығымен ұлттық кадрлар даярлау үшін Мәскеу, бұрынғы Ленинград, Ташкент қалаларынан білікті ұстаздар шақырылды. Ұлттық музыка аспаптарын жасайтын шеберханалар ұйымдастырылды. Т.Жүргенов Халық комиссары болып тұрған уақытта Ұйғыр музыкалық драма театры, Қуыршақ театры ашылған. Т.Жүргенов бейнелеу өнерінің дамуына қамқорлық жасады, халық суретшісі Ә.Қастеевтің кәсіби тұрғыдан шыңдалып өсуіне тікелей өзі көмектесті.

Т.Жүргенов 1935 жылы қазақ көркем галереясының ашылуына, қазақ кино өнерінің қалыптасуына да өз үлесін қосты. Т.Жүргеновтің қазақ ұлттық өнерін, мәдениетін дамытудағы еңбегінің жарқырай көрінген тұсы 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақстанның әдебиеті мен өнерінің бірінші декадасын ұйымдастырған кезіне тура келді. 300-ге тарта өнерпаздар қатысқан бұл декадада Т.Жүргенов қазақ өнерін Еуропа, әлем жұртшылығына барша мазмұнымен көрсете білді.

Атақты мемлекет және қоғам қайраткері Илияс Омаров өзінің жұмыс кабинетінің төріне Темірбек Жүргеновтің үлкен портретін іліп қояды екен. Осыны көрген Қанабек Байсейітов: «Ілеке, үстіңізден біреу арыз жазып жіберсе, мұның арты жақсы болар ма

екен», депті. Бұл уақыт Т.Жүргеновтің әлі ақталмаған кезі болса керек. Іле жауап берген І.Омаров: «Е, Қанеке, менің министр, сіздің халық әртісі болып жүргеніңіз осы кісінің арқасы. Темірбек Жүргеновтен кейін біздің қазақ өнеріне қосқанымыз шамалы» деген екен.

Қорыта айтқанда, қайталанбас нар тұлғалы нарком Т.Жүргенов – қазақ халқының ардақты азаматтарының бірі. Қазақ қоғамының тарихында ғажайып құбылыс болған Т.Жүргенов тұлғасы төңірегінде сан салалы әрі жанжақты зерттеулер бүгінгі және болашақ атқаратын жұмыстарымыз болмақ.

Бағдат КӘРІБОЗҰЛЫ
филология ғылымдарының докторы, профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
мемлекеттік университеті «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу
институтының директоры.